

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 08 қаңтардағы № 320 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округінің 2020 - 2022 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 377 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қыркүйекте № 6532 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 44, 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округінің 2020 - 2022 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 08 қаңтардағы № 320 шешіміне (2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5884 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округінің 2020 – 2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 20787 мың теңге:

салықтық түсімдер – 4295 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 16492 мың теңге;

2) шығындар – 20787 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 мың теңге;
 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 мың теңге:
 қарыздар түсімі – 0 мың теңге;
 қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.";
 мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. 2020 жылға арналған Донецк ауылдық округінің бюджетінде Тайынша ауданының бюджетінен елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге 2424 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін.";

көрсетілген шешімге 1-қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
 Тайынша ауданы мәслихаты
 сессиясының төрағасы

Д.Жакупов

Солтүстік Қазақстан облысы
 Тайынша ауданы мәслихатының
 хатшысы

К.Шарипов

Солтүстік Қазақстан облысы
 Тайынша ауданы мәслихатының
 2020 жылғы 11 қыркүйегі
 № 377 шешіміне
 қосымша
 Солтүстік Қазақстан облысы
 Тайынша ауданы мәслихатының
 2020 жылғы 08 қаңтардағы
 № 320 шешіміне
 1-қосымша

2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы	Кіші сыныбы		
		1) Кірістер	20787
1		Салықтық түсімдер	4295
	04	Меншікке салынатын салықтар	4295
	1	Мүлікке салынатын салықтар	24
	3	Жер салығы	200
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	4071
4		Трансферттердің түсімдері	16492

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	16492
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	16492
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			2) Шығындар	20787
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17258
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17258
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14758
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2500
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3529
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3529
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1105
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2424
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
	Кіші сыныбы			
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
	Кіші сыныбы			
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
7			Қарыздар түсімдері	0
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			

	Бағдарлама		
14		Борышқа қызмет көрсету	0
16		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК